

Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне дактилоскопиялық және геномдық тіркеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасының Заңы 2016 жылғы 30 желтоқсандағы № 41-VI ҚРЗ

РҚАО-ның ескертпесі!

Осы Заң 2021 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

1-бап. Қазақстан Республикасының мына заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1. 2014 жылғы 5 шілдедегі Қазақстан Республикасының Қылмыстық-атқару кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2014 ж., № 17, 91-құжат; № 19-I, 19-II, 96-құжат; № 21, 122-құжат; № 22, 131-құжат; 2015 ж., № 7, 33-құжат; № 20-IV, 113-құжат; № 22-III, 149-құжат; № 23-II, 170-құжат; 2016 ж., № 8-II, 67-құжат):

1) 11-баптың бірінші бөлігінің 8) тармақшасындағы "өтуге міндетті." деген сөздер "өтуге;" деген сөзбен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 9) тармақшамен толықтырылсын:

"9) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес геномдық тіркеуден өтуге міндетті.";

2) 176-баптың бірінші бөлігі мынадай мазмұндағы 2-1) тармақшамен толықтырылсын:

"2-1) геномдық тіркеуден өтуден жалтарса;".

2. 2014 жылғы 5 шілдедегі Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2014 ж., № 18-I, 18-II, 92-құжат; № 21, 122-құжат; № 23, 143-құжат; № 24, 145, 146-құжаттар; 2015 ж., № 1,2-құжат; № 2, 6-құжат; № 7, 33-құжат; № 8, 44, 45-құжаттар; № 9, 46-құжат; № 10, 50-құжат; № 11, 52-құжат; № 14, 71-құжат; № 15, 78-құжат; № 16, 79-құжат; № 19-I, 101-құжат; № 19-II, 102, 103, 105-құжаттар; № 20-IV, 113-құжат; № 20-VII, 115-құжат; № 21-I, 124, 125-құжаттар; № 21-II, 130-құжат; № 21-III, 137-құжат; № 22-I, 140, 141, 143-құжаттар; № 22-II, 144, 145, 148-құжаттар; № 22-III, 149-құжат; № 22-V, 152, 156, 158-құжаттар; № 22-VI, 159-құжат; № 22-VII, 161-құжат; № 23-I, 166, 169-құжаттар; № 23-II, 172-құжат; 2016 ж., № 1, 4-құжат; № 2, 9-құжат; № 6, 45-құжат; № 7-I, 49, 50-құжаттар; № 7-II, 53, 57-құжаттар; № 8-I, 62, 65-құжаттар; № 8-II, 66, 67, 68, 70, 72-құжаттар; № 12, 87-құжат; 2016 жылғы 6 желтоқсанда "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне салық салу және кедендік әкімшілендіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2016 жылғы 30 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңы):

1) мазмұны мынадай мазмұндағы 443-1-баптың тақырыбымен толықтырылсын:

"443-1-бап. Қазақстан Республикасы азаматтарының, шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдардың міндетті дактилоскопиялық және (немесе) геномдық тіркеуден өтуден бас тартуы";

2) мынадай мазмұндағы 443-1-баппен толықтырылсын:

"443-1-бап. Қазақстан Республикасы азаматтарының, шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдардың міндетті дактилоскопиялық және (немесе) геномдық тіркеуден өтуден бас тартуы

1. Қазақстан Республикасы азаматтарының міндетті дактилоскопиялық тіркеуден өтуден бас тартуы –

екі айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға алып келеді.

2. Шетелдіктердің немесе азаматтығы жоқ адамдардың міндетті дактилоскопиялық тіркеуден өтуден бас тартуы –

Қазақстан Республикасының шегінен әкімшілік жолмен шығарып жіберуге алып келеді.

3. Қазақстан Республикасы азаматтарының, шетелдіктердің немесе азаматтығы жоқ адамдардың міндетті геномдық тіркеуден өтуден бас тартуы –

бес айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға алып келеді.";

3) 684-баптың бірінші бөлігі "443 (екінші бөлігінде)," деген сөздерден кейін "443-1 (екінші бөлігінде)," деген сөздермен толықтырылсын;

4) 685-бапта:

бірінші бөлік "443 (бірінші бөлігінде)," деген сөздерден кейін "443-1 (бірінші және үшінші бөліктерінде)," деген сөздермен толықтырылсын;

екінші бөлікте:

2) тармақша "443," деген цифрлардан кейін "443-1 (бірінші және үшінші бөліктерінде)," деген сөздермен толықтырылсын;

9) тармақша "осы Кодекстің" деген сөздерден кейін "443-1 (бірінші және үшінші бөліктерінде)," деген сөздермен толықтырылсын;

5) 804-баптың бірінші бөлігінің 1) тармақшасы "443 (екінші бөлігі)," деген сөздерден кейін "443-1 (екінші бөлігі)," деген сөздермен толықтырылсын;

6) 917-баптың 2) тармақшасы "109," деген цифрлардан кейін "443-1 (екінші бөлігі)," деген сөздермен толықтырылсын.

3. "Шетелдіктердің құқықтық жағдайы туралы" 1995 жылғы 19 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., № 9-10, 68-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., № 12, 184-құжат; 2001 ж., № 8, 50, 54-құжаттар; № 21-22, 285-құжат; 2006 ж., № 5-6, 31-құжат; 2007 ж., № 3, 23-құжат; № 20, 152-құжат; 2009 ж., № 17, 82-құжат; № 24, 122-құжат; 2011 ж., № 16, 128-құжат; 2013 ж., № 2, 10-құжат; № 9, 51-құжат; № 23-24, 116-құжат; 2014 ж., № 14, 84-құжат; № 21, 118-құжат; 2015 ж., №

22-I, 143-құжат; № 22-V, 158-құжат):

28-бап мынадай мазмұндағы төртінші бөлікпен толықтырылсын:

"Қазақстан Республикасының шегінен шығарып жіберілетін адам Қазақстан Республикасының шегінен бақылау жасала отырып, өз бетімен кеткенге немесе мәжбүрлеу тәртібімен шығарып жібергенге дейін дактилоскопиялық тіркеуден өтуге міндетті."

4. "Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздік органдары туралы" 1995 жылғы 21 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., № 24, 157-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., № 10, 108-құжат; № 12, 184-құжат; 1998 ж., № 23, 416-құжат; № 24, 436-құжат; 1999 ж., № 8, 233-құжат; № 23, 920-құжат; 2000 ж., № 3-4, 66-құжат; 2001 ж., № 20, 257-құжат; 2002 ж., № 6, 72-құжат; № 17, 155-құжат; 2004 ж., № 23, 142-құжат; 2007 ж., № 9, 67-құжат; № 10, 69-құжат; № 20, 152-құжат; 2009 ж., № 19, 88-құжат; 2010 ж., № 7, 32-құжат; № 10, 48-құжат; 2011 ж., № 1, 3, 7-құжаттар; № 11, 102-құжат; № 16, 129-құжат; 2012 ж., № 4, 32-құжат; № 8, 63-құжат; 2013 ж., № 1, 2-құжат; № 2, 10-құжат; № 14, 72-құжат; 2014 ж., № 1, 4-құжат; № 7, 33-құжат; № 11, 61-құжат; № 14, 84-құжат; № 16, 90-құжат; № 21, 118-құжат; 2015 ж., № 21- III, 135-құжат; № 22-V, 154, 156-құжаттар):

12-бап мынадай мазмұндағы 13-1) және 13-2) тармақшалармен толықтырылсын:

"13-1) Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасын кесіп өту кезінде дактилоскопиялық ақпарат бойынша жеке басты растау рәсімін жүзеге асыруға;

13-2) Қазақстан Республикасының шегінен шығарып жіберуге жататын не Қазақстан Республикасы ратификациялаған реадмиссия туралы халықаралық шарттардың күші қолданылатын шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарды дактилоскопиялық тіркеуді жүзеге асыруға;"

5. "Босқындар туралы" 2009 жылғы 4 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2009 ж., № 23, 116-құжат; 2010 ж., № 24, 149-құжат; 2012 ж., № 8, 64-құжат; 2013 ж., № 2, 10, 13-құжаттар; № 9, 51-құжат; № 14, 75-құжат; 2014 ж., № 1, 4-құжат; № 7, 37-құжат; № 14, 84-құжат; № 19-I, 19-II, 96-құжат):

1) 8-баптың 2-тармағының 5) тармақшасындағы "тіркелуге міндетті." деген сөздер "тіркелуге;" деген сөзбен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 6) тармақшамен толықтырылсын:

"6) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес дактилоскопиялық тіркеуден өтуге міндетті.";

2) 10-баптың 6-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"6. Пана іздеген адамға Қазақстан Республикасында босқын мәртебесін беру туралы өтінішхат тіркелген күні пана іздеген адамның куәлігі беріледі, оның өтінішхаты бойынша шешім қабылданғанға дейінгі мерзімге оны тіркеу жүргізіледі және Қазақстан

Республикасының заңнамасына сәйкес оны дактилоскопиялық тіркеу жүзеге асырылады.";

3) 11-баптың 1-тармағының бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Уәкілетті орган босқын мәртебесін беру туралы шешімді осы адам Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес дактилоскопиялық тіркеуден өткен жағдайда, босқын мәртебесін беру туралы өтінішхат тіркелген күннен бастап үш ай ішінде қабылдайды.";

4) 12-баптың 9) тармақшасындағы "пайдаланып отырса, пана іздеген адамға босқын мәртебесін беруден бас тартудың негіздері болып табылады." деген сөздер " пайдаланатын болса;" деген сөздермен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 10) тармақшамен толықтырылсын:

"10) осы адам Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес дактилоскопиялық тіркеуден өтуден бас тартса немесе өтпесе, пана іздеген адамға босқын мәртебесін беруден бас тарту үшін негіз болып табылады.".

6. "Халықтың көші-қоны туралы" 2011 жылғы 22 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2011 ж., № 16, 127-құжат; 2012 ж., № 5, 41-құжат; № 8, 64-құжат; № 15, 97-құжат; 2013 ж., № 9, 51-құжат; № 21-22, 114-құжат; № 23-24, 116-құжат; 2014 ж., № 11, 64-құжат; № 16, 90-құжат; № 21, 118-құжат; № 23, 143-құжат; 2015 ж., № 19-II, 102-құжат; № 20-IV, 113-құжат; № 22-I, 143-құжат; № 22-V, 154, 158-құжаттар; № 22-VI, 159-құжат; 2016 ж., № 7-I, 49-құжат):

1) 43-1-бапта:

бірінші абзацтағы "Еңбекші" деген сөз "1. Еңбекші" деген сөздермен ауыстырылсын;

1-тармақтың б) тармақшасындағы "болуы тиіс." деген сөздер "болуы;" деген сөзбен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 7) тармақшамен толықтырылсын:

"7) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес дактилоскопиялық тіркеуден өтуге тиіс.";

2) 43-2-бапта:

1-тармақтың бесінші абзацы алып тасталсын;

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Еңбекші көшіп келушіге рұқсатты беру, ұзарту және кері қайтарып алу тәртібін Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі айқындайды.";

3) 48-баптың бірінші бөлігі мынадай мазмұндағы 10-1) тармақшамен толықтырылсын:

"10-1) егер ол Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасын кесіп өту кезінде дактилоскопиялық ақпарат бойынша жеке басты растау рәсімінен өтуден бас тартса;"

4) 49-баптың бірінші бөлігі мынадай мазмұндағы 10-1) тармақшамен

толықтырылсын:

"10-1) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес дактилоскопиялық тіркеуден өтпеген;"

7. "Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы туралы" 2013 жылғы 16 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2013 ж., № 2, 9-құжат; № 15, 81-құжат; 2014 ж., № 7, 37-құжат; № 21, 122, 123-құжаттар; № 22, 131-құжат; 2015 ж., № 1, 2-құжат; № 20-IV, 113-құжат; 2016 ж., № 8- II, 71-құжат):

1) 23-баптың 2-тармағының 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) Мемлекеттік шекараны кесіп өту заңдылығын айқындау, Мемлекеттік шекараны кесіп өту тәртібін бұзушыларды анықтау, сондай-ақ өздеріне қатысты Қазақстан Республикасына кіру және Қазақстан Республикасынан шығу бойынша Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген шектеулері бар адамдарды анықтау мақсатында құжаттарды және адамдарды тексеруді, оның ішінде дактилоскопиялық ақпарат бойынша жеке басты растау рәсімі, биометриялық дербес деректерді өңдеу арқылы тексеруді, сондай-ақ адамдарға сауал жүргізуді;"

2) 66-бапта:

мынадай мазмұндағы 9-1) тармақшамен толықтырылсын:

"9-1) Мемлекеттік шекараны кесіп өту кезінде дактилоскопиялық ақпарат бойынша жеке басты растау рәсімін жүзеге асыруға;"

10) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"10) Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес Қазақстан Республикасына кіруге рұқсат етілмеген шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдардың, сондай-ақ дактилоскопиялық ақпарат бойынша жеке басты растау рәсімінен өтуден бас тартқан, Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген мерзімде айыппұл салу туралы сот шешімдерін және уәкілетті органдардың қаулыларын орындамаған шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдардың кіруін шектеуге;"

3) 67-баптың 1-тармағы мынадай мазмұндағы 11-1) тармақшамен толықтырылсын:

"11-1) ішкі істер органдарының дактилоскопиялық ақпарат дерекқорында қамтылатын дактилоскопиялық ақпаратты Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес алуға және пайдалануға;"

8. "Жеке басты куәландыратын құжаттар туралы" 2013 жылғы 29 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2013 ж., № 2, 12-құжат; 2014 ж., № 16, 90-құжат):

1) 7-бап мынадай мазмұндағы 2-1-тармақпен толықтырылсын:

"2-1. Осы Заңның 6-бабы 1-тармағының 1) – 4), 7) және 8) тармақшаларында көрсетілген жеке басты куәландыратын құжаттар он алты жасқа толған және одан асқан, сондай-ақ "Дактилоскопиялық және геномдық тіркеу туралы" Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген жағдайларда он екі жастан он алты жасқа

дейінгі құжат иесінің қол саусақтарының іздерін қамтиды.";

2) 22-баптың 1-тармағы мынадай мазмұндағы 1-1) тармақшамен толықтырылсын:

"1-1) қолданылу мерзімі 2021 жылғы 1 қаңтарда өтпеген, осы Заңның 6-бабы 1-тармағының 5), 6), 9) – 11) тармақшаларында көрсетілген жеке басты куәландыратын құжаттарды, сондай-ақ осы Заңның 6-бабы 1-тармағының 1) – 4), 7) тармақшаларында көрсетілген жеке басты куәландыратын құжаттарды қоспағанда, осы Заңның 7-бабының 2-1-тармағында көрсетілген деректер онда болмаған;"

9. "Қазақстан Республикасының ішкі істер органдары туралы" 2014 жылғы 23 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы 2014 ж., № 8, 48-құжат; № 16, 90-құжат; № 19-I, 19-II, 96-құжат; № 23, 143-құжат; 2015 ж., № 1, 2-құжат; № 16, 79-құжат; № 21-I, 125-құжат; 2016 ж., № 6, 45-құжат):

6-баптың 1-тармағының 22) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"22) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес дактилоскопиялық және геномдық тіркеуді жүзеге асыруға;"

2-бап. Осы Заң 2021 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Президенті

Н.Назарбаев